



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы қатысуымен өтетін «М. Әуезов мұрасы: ұлт руханиятының алтын қазығы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогтерін қатысуға шақырамыз.

I. Жалпы ереже

1.1. «М. Әуезов мұрасы: ұлт руханиятының алтын қазығы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (бұдан әрі – конференция) ережесі конференцияның мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындап, конференцияға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды анықтап, марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Ұйымдастырушы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, М. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы, Семей қ. М. Әуезов атындағы педагогикалық колледж.

1.3. Конференцияға жалпы орта білім беру ұйымдарындағы барлық пән мұғалімдері қатыса алады.

1.4. Өту форматы: онлайн, офлайн

1.5. Өтетін уақыты: 13-15 қараша 2025 ж.

1.6. Өту тілі: қазақша

1.7. Өтетін орны: 13 қараша күні сағат 10.00-де Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, М. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы, 14 қараша күні Семей қаласы, М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінде, 15 қарашада Абай облысы Абай ауданы Жидебай.

1.8. Конференция 4 бағыттан тұрады.

II. КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

Мақсаты

Жазушы М. Әуезовтің әдебиет, мәдениет пен ғылым саласына қосқан үлесін дәріптеу, оның мұрасын оқу-тәрбие процесінде пайдаланудың тиімді жолдарын айқындау, заманауи педагогикалық әдістер мен цифрлық технологияларды қолдана отырып, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мен әдеби-танымдық қабілеттерін дамытуда педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Міндеттері:

1. мұғалімдердің гуманитарлық саладағы ғылыми-шығармашылық әлеуетін дамыту, заманауи педагогикалық тәсілдер мен цифрлық құралдарды тиімді қолдануға ынталандыру;
2. педагогтердің М. Әуезов шығармашылығына терең бойлауын қамтамасыз ету және оны сабақта қолдану тәжірибесін жетілдіру;

3. конференцияға қатысушы практик мұғалімдерді зерттеу мәдениетіне баулу, критикалық ойлау арқылы заманауи әдеби талдау жасауға тарту;
4. мұғалімдердің оқушы шығармашылығын дамыту бағытындағы әдеби-танымдық жобаларын қолдау және инновациялық әдістемелерді енгізу;
5. Әуезов мұрасын білім мазмұнына тиімді интеграциялау жолдарын көрсету, заманауи оқыту әдіс-тәсілдерін ортаға салу;
6. кіріктірілген шығармашылық тәсілдерді (жобалар, көркем бейнелеу, сахналық бейімдеу, буктрейлер, интерактивті медиа жобалар) пайдалану тәжірибесін тарату;
7. шығармашылық идеясы мен әдістемелік шеберлігі айқын, ізденімпаз және жаңашыл педагогтердің тәжірибесін кеңінен таныстыру;
8. жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды (ЖИ, интерактивті платформалар, виртуалды зертханалар) пайдалану арқылы педагогтердің кәсіби дамуына серпін беру.

III. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ:

3.1. Конференцияны ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін комиссия мүшелері құрылады.

3.2. Комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, ЖОО-ның ғалымдарынан, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен құрылады.

3.3. Комиссия құрамы конференция жұмыстарын бағалап, анықтайды.

3.4. Конференцияны өткізу туралы хабарландыруды ұйымдастырушылар үш апта бұрын орталықтың интернет-ресурстарында орналастырады.

3.5. Конференция үш кезеңнен өтеді. Конференцияның I кезеңі Астана қаласы М. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында (А. Бөлекпаев 20 үй) 13 қараша күні, II кезең Семей қаласында 14 қараша күні, III кезең 15 қарашада Абай облысы Абай ауданы Жидебайда өтеді.

3.6. Конференцияға қатысу ақылы. Ұйымдастыру жарнасы: 6000 (алты мың) теңге, бір рет төленеді. Төлем төмендегі реквизиттер бойынша қабылданады және төлем бойынша түбіртек (төлемнің күні/уақыты көрсетілген сканерлеу көшірмелер, фотосуреттер) қосымшаларға сәйкес жауапты адамдарға Сұраныспен бірге жіберіледі.

Төлем реквизиті (1-қосымшада ақыны төлеу үлгісі көрсетілген):

Мекеменің атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖСН/БСН: 070540006188

ЖСК: KZ42722S000006089425

БСК: CASPKZKA

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, көш. Қабанбай батыр 33

КБЕ: 16

3.6. Конференцияға қатысу үшін Сұраныс пен ақы төлеген түбіртек (1-қосымшаға сәйкес) 17 қазанға дейін (барлық құжат қатысушының тегімен сақталу керек) 4-қосымшада көрсетілген поштаға жіберулері керек.

IV. КОНФЕРЕНЦИЯ БАҒЫТТАРЫ:

I БАҒЫТ. «ӘУЕЗОВ ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ПӘНДІК ИНТЕГРАЦИЯ» ғылыми-әдістемелік баяндама бағыты.

Ғылыми-әдістемелік баяндама бағытының мақсаты – М.Әуезов шығармашылығын пәнаралық негізде зерттеу арқылы ұстаздардың кәсіби ізденісін дамыту, ғылым мен әдістеменің сабақтастығын нығайту. Ғылыми-әдістемелік баяндама бағытына барлық педагогтер қатыса алады. Әр пән мұғалімі өзінің пәндік ерекшелігіне сай ғылыми-әдістемелік, талдамалық немесе пәнаралық сипаттағы баяндама ұсына алады. Баяндама мазмұны М. Әуезов шығармашылығын пәнмен байланыстыра отырып, жаңашыл көзқарас, ғылыми-әдістемелік негіз, тәжірибелік ұсыныстармен ерекшеленуі тиіс.

Ғылыми-әдістемелік баяндамаға ұсынылатын тақырыптар:

1. М. Әуезов шығармаларындағы ұлттық болмыс және қазіргі гуманитарлық ғылым
2. М. Әуезов пен әлем әдебиеті: салыстырмалы және цифрлық талдау
3. М. Әуезов және ұлттық тәрбие: тарихи жады мен ұрпақ сабақтастығы
4. М. Әуезов шығармаларындағы ұлт тарихы мен этнография көрінісі
5. М. Әуезов шығармаларындағы табиғат бейнесі және экологиялық сана негіздері
6. М. Әуезов шығармаларындағы сандық деректер мен уақыт өлшемдерінің мағынасы
7. М. Әуезов шығармаларындағы әйел бейнесі және гендерлік зерттеулер
8. М. Әуезов шығармаларында заманауи мәдени құндылықтарды оқыту мүмкіндіктері
9. М. Әуезов шығармаларында этика мен адамгершілік тақырыптарының көрінісі
10. М. Әуезов мұрасын цифрлық технология және жасанды интеллект арқылы насихаттау тәжірибесі
11. М. Әуезов шығармаларындағы ұлттық тіл және фольклор элементтері
12. М. Әуезов шығармалары мен заманауи визуалды өнер: сахналық бейімдеу, мультимедиа және буктрейлер
13. М. Әуезов шығармалары арқылы креативті жазу дағдыларын дамыту әдістемесі
14. М. Әуезов шығармаларындағы әлеуметтік және мәдени өзгерістерді талдау
15. М. Әуезов мұрасын оқытуда интеграцияланған STEM және гуманитарлық тәсілдерді қолдану мүмкіндіктері

Әдіснама және әдістеме бағыты бойынша қосымша тақырыптар:

16. М. Әуезов шығармаларын оқытудағы заманауи әдіснамалық ұстанымдар
17. М. Әуезовтің әдеби мұрасын интербелсенді әдістер арқылы меңгертудің жолдары
18. М. Әуезов шығармаларына жобалық-ізденіс әдістерін қолданудың тиімділігі.
19. М. Әуезов туындыларын оқытудағы оқушының функционалдық сауаттылығын арттыру әдістемесі
20. М. Әуезов шығармалары арқылы оқушылардың сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістері
21. М. Әуезов шығармаларын оқытуда интеграцияланған (әдебиет–тарих–өнер) әдістемелік тәсілдер
22. М. Әуезов мұрасын қашықтан оқытуда цифрлық платформалар мен онлайн құралдарды қолдану әдістемесі
23. М. Әуезов шығармаларын мектеп бағдарламасына кіріктірудің әдістемелік ерекшеліктері
24. М. Әуезов мұрасын оқытуда тұлғалық-бағдарлы және құндылыққа негізделген әдістер
25. М. Әуезов шығармаларын зерттеуде әдіснамалық бағыттар (компаративистика, герменевтика, мәдениеттанулық талдау)

Ғылыми-әдістемелік баяндамаға қойылатын талаптар:

Баяндама мәтіні **3-қосымшаға** сәйкес 5 беттен кем емес, 6 беттен аспауы тиіс, беттері нөмірленуі, тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек. Парақтың параметрлері: қағаз форматы – А4, жоғарғы жиегі – 2,5 см, төменгі – 2 см, сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см. жоларалық – 1 интервал. Қаріп – Times New Roman немесе KZ Times New Roman, қаріп өлшемі – 14. Қолданылған әдебиеттер (міндетті)

мәтінде көрсетілу тәртібіне сәйкес мақаланың соңында жазылады. Регламент – 5-7 минут.

Бағалау критерийлері:

- тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы;
- ғылыми ұстанымдардың нақтылығы, әдеби-теориялық түсініктерді дұрыс қолдануы;
- авторлық жаңашылдық, балама көзқарас, өз пікірі мен ұсынысы;
- тың идея ұсынуы, педагогикалық-практикалық маңыздылығы;
- сөйлеу мәдениеті, аудиториямен байланыс, уақытты тиімді пайдалануы;
- презентация, кесте, графика, бейнефрагменттердің орынды пайдаланылуы.

II БАҒЫТ. «Мұхтар Әуезов мұрасындағы адамгершілік құндылықтар және «Адал азамат» тұжырымдамасы» TEDx бағыты.

Бағыттың мазмұны: Бұл бағытта Мұхтар Әуезов шығармалары негізінде ұлт руханияты мен адамгершілік мұраттарының бүгінгі «Адал азамат» Біртұтас тәрбие тұжырымдамасымен сабақтастығы қарастырылады. Әуезов шығармалары арқылы адалдық, әділдік, парасаттылық, еңбекқорлық, отаншылдық қасиеттерді насихаттау жолдары талданады. Жазушы мұрасының жас ұрпақты тәрбиелеудегі орны мен қазіргі тәрбие бағдарламаларымен ұштастыру мәселелері көтеріледі. TEDx форматына қатысушы өз тақырыбын 7-8 минут аралығында қорғайды. Қорғау барысында презентация және бейнематериал қолдану ұсынылады. Жинаққа ену үшін жұмысының мәтіні 5 беттен кем емес, 6 беттен артық болмауы керек.

TEDx бағытына ұсынылатын (үлгі) тақырыптар:

1. «М. Әуезовтің шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары»
2. «М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ұрпақ тәрбиесі мен «Адал азамат» Біртұтас тәрбие қағидаттарының үндестігі»
3. «М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абайдың тұлғалық болмысы арқылы жастарды тәрбиелеу»
4. «М. Әуезов шығармашылығы негізінде ұлттық тәрбие мен заманауи құндылықтарды кіріктіру жолдары».

Жұмыс мәтініне қойылатын талаптар:

Жұмыс мәтіні 5 беттен кем емес, 6 беттен аспауы тиіс, беттері нөмірленуі, тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек. Парақтың параметрлері: қағаз форматы – А4, жоғарғы жиегі – 2,5 см, төменгі – 2 см, сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см. жоларалық – 1 интервал. Қаріп – Times New Roman немесе KZ Times New Roman, қаріп өлшемі – 14. Қолданылған әдебиеттер (міндетті) мәтінде көрсетілу тәртібіне сәйкес мақаланың соңында жазылады.

Бағалау критерийі:

- ✓ мақсаттың айқындылығы;
- ✓ ұсынылған идеяның білім беру саласында нақты тәжірибеге енгізудегі өзектілігі;
- ✓ жаңа әдістемелер мен шығармашылық идеяларды енгізуі;
- ✓ ұлттық білім беру әдістері мен тәжірибелерін зерттеуі;
- ✓ Абайдың адамгершілік құндылықтары мен «Толық адам» концепциясын қазіргі білім беру жүйесіне интеграциялаудың тиімділігі туралы ғылыми негізделген аргументтердің болуы;
- ✓ TEDx форматы құрылымының (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) сақталуы,
- ✓ спикердің өз сөзін уақытқа сай нақты әрі жүйелі түрде жеткізуі.

III БАҒЫТ. «Әуезов әлемі және ЖИ: жаңа өріс, жаңа көзқарас» шебер сынып бағыты.

М.Әуезов мұрасы білім беру кеңістігіне бейімдеу, заманауи педагогикамен ұштастыру, пәнішілік және пәнаралық байланысты тиімді қолдану арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Шеберлік сыныпқа ұсынылатын тақырыптар:

1. Цифрлық платформаларда М. Әуезов шығармаларын тиімді оқыту;
2. STEAM әдістері арқылы М. Әуезов шығармаларындағы ғылым мен өнер байланысы;
3. М. Әуезов шығармаларындағы кейіпкер бейнесін визуалды ойлау әдісімен тану;
4. АИ арқылы М. Әуезов шығармаларын талдау мүмкіндігі;
5. Жасанды интеллект көмегімен М.Әуезов стиліне мәтін жасау тәжірибесі;
6. Әдебиет, тіл, тарих, құқық, эстетика пәндерімен пәнаралық интеграция;
7. М. Әуезов шығармаларын интерактивті медиа және VR технологиясы арқылы оқыту;
8. Оқушы шығармашылығын дамытуда буктрейлер және мультимедиа жобаларын қолдану;
9. М. Әуезов шығармаларындағы моральдық және этикалық құндылықтарды ойын және жобалық әдістермен оқыту;
10. Цифрлық құралдар мен АИ көмегі арқылы шығармаларды салыстырмалы талдау және визуализация.

Педагог шеберлік сыныбының мақсаты мен тақырыбына сай жаңа инновациялық педагогикалық әдістерді қолдана отырып, олардың тиімділігін көрсетеді. Шеберлік сыныпта М. Әуезов шығармаларын оқытудың тиімді жолдарын ұсыну, әртүрлі педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, шығармашылық дағдыларын жетілдіруде өз тәжірибесін көрсетеді. Шеберлік сыныпта әр педагогке 10 минут уақыт беріледі. Шеберлік сынып талаптары **2-қосымшаға** сәйкес дайындалады.

Бағалау критерийі:

- ✓ мақсат пен міндеттері
- ✓ мазмұнның өзектілігі және жаңашылдығы
- ✓ шеберлік сыныбының ұйымдастырылуы
- ✓ интерактивтілік және қатысушылардың белсенділігі
- ✓ шеберлік сыныбының оқыту әдіс-тәсілдері
- ✓ шеберлігі мен кәсібилігі
- ✓ қатысушылардың кері байланысы мен бағалауы
- ✓ шеберлік сыныбының нәтижелілігі

Жұмыс мәтініне қойылатын талаптар:

Баяндама мәтіні 5 беттен кем емес, 6 беттен аспауы тиіс, беттері нөмірленуі, тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек. Парақтың параметрлері: қағаз форматы – А4, жоғарғы жиегі – 2,5 см, төменгі – 2 см, сол жағы – 2,5 см, оң жағы – 1,5 см. жоларалық – 1 интервал. Қаріп – Times New Roman немесе KZ Times New Roman, қаріп өлшемі – 14. Қолданылған әдебиеттер (міндетті) мәтінде көрсетілу тәртібіне сәйкес мақаланың соңында жазылады.

IV БАҒЫТ. М. Әуезов мұрасы және «Адал азамат» құндылығы

Бұл бағыт бойынша қатысушы өз пәні бойынша ҚМЖ жазады. М. Әуезов шығармалары арқылы «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыра отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту көзделеді. «Адал азамат» тұжырымдамасы және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын пәнді оқыту үдерісінде жүзеге асырады. М. Әуезов шығармаларының мазмұнын терең меңгерту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыта отырып, «Адал азамат» құндылықтарын қалыптастыру жағына назар аударады. ҚМЖ-ны қорғау кезінде педагог 5-7 минуттың ішінде тек құжатты оқып бермей, өзінің идеясы мен тәжірибесін әсерлі жеткізе білуі керек. ҚМЖ-ны таныстыру емес, оның практикалық тиімділігін дәлелдеу қажет. Қатысушы ҚМЖ-ды талапқа сай жазып (130 бұйрық кестесіне сай альбомды А4 форматында), қосымшада берілген поштаға жібереді.

ҚМЖ (қысқа мерзімді сабақ жоспары) жазуға қойылатын талаптар:

1. сабақ жоспары ҚР МЖМБС, оқу бағдарламасы және 130-бұйрық талаптарына сәйкес болуы тиіс.
2. тақырып, оқу мақсаттарын өз пәніне қатысты КТЖ-дан алу керек
3. тапсырмалар функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталуы қажет.
4. сабақ мазмұны «Біртұтас тәрбие» және «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламаларына сай келуі.
5. сабақта Әуезов шығармалары арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту;
6. 5-7 минутта ҚМЖ
7. тапсырмалар оқушының жас ерекшелігіне сәйкес, сыни ойлауын, креативтілігін, оқу және цифрлық сауаттылығын дамытуға бағытталуы қажет.

Қысқа мерзімді сабақ жоспарын бағалау критерийлері:

1. сабақ мазмұны, мақсаты «Біртұтас тәрбие», «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламаларына сәйкестігі;
2. сабақ оқушылардың цифрлы сауаттылығын, оқу сауаттылығын қалыптастыруға, дамытуға арналуы;
3. әдіс-тәсілдердің тиімді қолданылуы;
4. тапсырмалардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;
5. оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің сабақ мазмұнына сәйкестігі,
6. сабақ мақсаты мен тақырыбына сай сапалы құрылуы

V. КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

Қатысушылар конференцияға қатысқандығы жөнінде сертификаттармен марапатталады. Қатысушы өз жұмысына, сауаттылығына жауап береді. Ұсынылған жұмыстарға түсініктеме берілмейді, жұмыс қайтарылмайды.

Ескертпе: 4 бағыт бойынша материалдарды 4 қарашаға дейін қосымшадағы поштаға жіберуі керек.

Қосымша ақпарат алу үшін +77011092507, +77010126820, +7 7751178221 телефон арқылы хабарласа алады.

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы С. Дауешоваға
0000000000 білім беру ұйымы
0000000000 басшысы
0000000000дан

Сұраныс



2025 жылдың 13-15 қараша күндері өтетін «М. Әуезов мұрасы: ұлт руханиятының алтын қазығы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына кестеде берілген педагогті қатыстыруыңызды сұраймын.

Мекеме атауы	Педагогтің аты-жөні	Конференция бағыты	Пәні	элпоштасы	телефоны (ватцап)

00000000000 басшысы

0. 0000000000000

Төлем жасау үлгісі:



Шеберлік сыныпқа дайындық талаптары:

- ✓ шеберлік сыныбының мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- ✓ ұйымдастырушылық дағдылар: уақытты тиімді пайдалану, шеберлік сыныбының құрылымын сақтау;
- ✓ сөйлеу және дауыс ырғағы: дикция және интонация, сөйлеу техникасы
- ✓ қатысушыларды тарту және мотивация: қатысушылардың қызығушылығын ояту, қатысушылардың белсенділігін сақтау
- ✓ кәсіби шеберлік және өзіндік даму: шеберлік сыныбын жүргізудің кәсіби деңгейі, тәжірибе алмасуды көздеу
- ✓ эмоционалды интеллект, психологиялық климатты қалыптастыру
- ✓ кіріспесінде шеберлік сыныпты қызықты әрі әсерлі бастаңыз, қатысушылардың көңілін аударатын тақырыпқа сай сұрақтар қойып, оларды белсенді етіңіз;
- ✓ тақырыпты түсіндіру: теориялық бөлімде жаңа ақпаратты нақты әрі түсінікті түрде жеткізу. мұғалімдердің әрқайсысына бұл әдіс-тәсілдерді сабақта қалай қолдануға болатынын түсіндіру;
- ✓ интерактивті әдістерді қолдану: қатысушылардың белсенділігін арттыру үшін топтық жұмыс, рөлдік ойындар, пікірталастар немесе симуляциялар ұйымдастыру;
- ✓ практикалық тәжірибе: мұғалімдерге жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік беру. олардың сабақтарын модельдеу немесе белгілі бір жағдайларды шешу үшін практикалық тапсырмалар орындау;
- ✓ талдау мен кері байланыс: әр тапсырмадан кейін қатысушылардың жұмысын талқылап, кері байланыс беру.

МАҚАЛАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

Арманов Арман Арманұлы
Астана қаласы № 777 Орта мектебінің
физика пәні мұғалімі

Аңдатпа

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Түйінді сөздері:

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Кіріспе

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін [1, 95 б].

Әдебиеттерге шолу

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін [2].

Зерттеу әдіснамасы

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Нәтижелер (бар болса)

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Талқылау (бар болса)

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Қорытынды (бар болса)

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Зерттеуді қаржыландыру туралы ақпарат

мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: (ЖМББС) бойынша)

1. А. К. Игибаева, А.Д. Толеуханова: «Киберпедагогика–педагогика ғылымының инновациялық» //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2020. – Т. 68. – №. 4. – С. 12-17.
2. Aitbaeva A., Shaigozova Z. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу немесе оқыту дизайны мәселелері //Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2022. – Т. 71. – №. 2. – С. 4-12.
3. Б. К. Иксатова, Ш. Ж. Колумбаева, А. Ж. Еримова «Болашақ бастауыш білім педагогтерінде цифрлық дағды қалыптастырудың басымдықтары» //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2022. – Т. 73. – №. 1. – С. 86-96.
4. Г.М. Сухова Планирование в экономике / Г.М. А.А. Сухова, М. Григорян. / Печатное слово, 2012. – 248 с.

4-қосымша

«М.ӘУЕЗОВ МҰРАСЫ: ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ			
I БАҒЫТ «Әуезов әлемі және пәндік интеграция» ғылыми-әдістемелік баяндама бағыты.	aueзов_murasy@mail.ru	Абдикалыкова Турсын Серикбаевна	87010126821
II БАҒЫТ «Мұхтар Әуезов мұрасындағы адамгершілік құндылықтар және «Адал азамат» тұжырымдамасы» TEDx бағыты.	aueзов_alemi@mail.ru	Құрманғажы Ерсін Нұржанұлы	87007609696
III БАҒЫТ «Әуезов әлемі және ЖИ: жаңа өріс, жаңа көзқарас» шеберлік сынып бағыты.	Muhtarueзов23@gmail.com	Акирапбаев Нурбол Болатбекович	87021756736
IV БАҒЫТ «М. Әуезов мұрасы және «Адал азамат» құндылығы» ҚМЖ жазу бағыты.	86mektep.gimnaziya@bk.ru	Габбасова Гаухар Сиражовна	87779409878

Ескертпе:

Қатысушы педагог Ережені толық оқи отыра тәжірибиесін тарататын бағытын анықтап, жоғарыдағы кестеге сай сол бағыт көрсетілген тұстағы поштаға **17 қазанға дейін**

Сұраныс пен төленген ақысының түбіртегін жібереді.

4 қарашаға дейін таңдаған бағытының талабына сай жұмысын дайындап екінші рет сол бағыт бойынша поштаға материалын жібереді.

Іссапар шығынын жіберуші жақ қарастыратынын ескертеді.